

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ  
МИНИСТРЛІГІ  
АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІ



«Бекітемін»

Факультет деканы

Байгутов К.А.

2025 ж.

«6B02-Өнер және гуманитарлық ғылымдар» саласы бойынша «6B021-Өнер» кадрларды даярлау бағытының «B031- Сән, дизайн» білім беру бағдарламаларының тобы бойынша (бакалавриат) оқуға түсушілерге арналған арнайы (шығармашылық) емтихан


**БАҒДАРЛАМАСЫ**

Білім беру бағдарламалары:

6B02117-Сәндік өнер (профиль бойынша),

6B02125-Дизайн

«B031 - Сән, дизайн» білім беру бағдарламаларының тобы бойынша оқуға түсу емтиханының бағдарламасы «13» 05 2025 ж., «Дизайн» кафедрасының отырысының № 9 хаттамасымен талқыланды.

Кафедра меңгерушісі:  Стамбекова Ж.К.

Бағдарлама факультет кеңесінің «29» 05 2025 ж., № 9 хаттамасымен ұсынылды

Алматы, 2025

## ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

Бағдарлама Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңына сәйкес және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышын бекіту туралы» 2018 жылғы 13 қазандағы № 569 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің м. а. «(Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышын бекіту туралы) Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2018 жылғы 13 қазандағы № 569 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» 2023 жылғы 21 шілдедегі № 327 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 31.10.20 18 ж. № бұйрығы (жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің м.а. 27.10.2023 № 547) негізінде әзірленді.

Бейнелеу өнері (графика, кескіндеме) саласында өнер бакалавры кадрларын даярлау – арнайы теориялық дағдыларды тереңдетіп зерделеуді және нақты практикалық құзыреттерді меңгеруді талап ететін күрделі көп қырлы процесс.

6B02117-Сәндік өнер (профиль бойынша), 6B02125-Дизайн білім беру бағдарламалары бойынша шығармашылық емтиханды Өнер факультеті кафедраларының профессорлары мен оқытушыларының құрамынан құрылған арнайы емтихан комиссиясы қабылдайды. Арнайы (шығармашылық) емтихан «6B02-Өнер және гуманитарлық ғылымдар» саласының «6B021-Өнер» кадрларды даярлау бағытындағы «B031-Сән, дизайн» білім беру бағдарламаларының топтарына (бакалавриат) түсетін барлық талапкерлер үшін міндетті.

Арнайы және (немесе) шығармашылық емтихандарды өткізу көрсетілген Үлгілік қағидалардағы 1-қосымша көрсетілген тізбеге сәйкес білім беру бағдарламаларының топтары бойынша жүзеге асырылады.

Шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының топтары бойынша оқуға қабылдау арнайы және (немесе) шығармашылық емтихандардың нәтижелері ескеріле отырып жүзеге асырылады.

Шығармашылық дайындықты талап ететін, жалпы орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаттары бар жоғары білімнің білім беру бағдарламалары тобына түсетін адамдар 2 (екі) шығармашылық емтихан тапсырады.

Қысқартылған оқу мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша шығармашылық даярлықты талап

ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламалары тобына түсетін талапкерлер 1 (бір) шығармашылық емтихан тапсырады.

Жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаттары бар оқуға түсушілерге арналған шығармашылық емтихандар 50 (елу) балдық жүйе бойынша бағаланады.

Қысқартылған оқу мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша оқуға түсушілер үшін шығармашылық емтихан 20 (жиырма) балдық жүйе бойынша бағаланады.

## **1. Шығармашылық емтихандарды өткізу тәртібі**

### **1 шығармашылық емтихан**

#### **СУРЕТ**

**Тақырып:** Адам бет бейнесінің гипстік маскасының суреті немесе гипстік розетка.

**Тапсырма:** Бір түсті мата бетіндегі адам бет бейнесінің гипстік маскасының суреті немесе гипстік розетка.

1. Қағаз бетіне бейнені дұрыс орналастыру.
2. Гипстік масканың немесе розетканың пропорциялық қатынастарын табу.
3. Масканың немесе розетканың пластикалық мінездемелерін анықтау.
4. Гипстік маска немесе розетканың формасының көлемін анықтай отырып, жарық-көлеңкелік қатынасы арқылы әрбір бөлшектерін анықтау.
5. Реңдік қатынасын моделдеуді сақтай отырып, бөлшектерін тұтас бейнелеу.

**Суретті орындауға қажетті қойылатын талаптар:**

- масканы немесе розетканы жазықтыққа орналастыру;
- ара-қатынасы мен көлемін құрылымдық орналастыру;
- жарықтану (жасанды жарық) арқылы суреттің реңдік қатынасын ажырату;
- заттың материалдылығын бере білу.

**Құрал-жабдықтар:** жай қарындаш, А3 форматтық қағаз, өшіргіш.

Талапкердің орындаған жұмысына бірінші қойылатын талап –суретті композициясын тауып, параққа мәнерлеп нақты графикалық сауатты түрде тұрғызу, бейнеленетін форманың жарық-көлеңкесі мен перспективасы арқылы пропорциялық қатынасы мен көлемін беру. Барлық сурет нұсқа бойынша өз бетінше салу процесі арқылы жүргізіледі, басқа біреудің жұмысынан көшіруге болмайды. Нұсқадан қарап сурет орындау қатаң әдістемелік келесі этаптар бойынша жалғасып отырады:

- 1.Жұмыс орнын анықтау;
2. Қағаз бетіне дұрыс композициялық орналастыру;
- 3.Маска формасының бөлшектерінің негізгісін үйлестіруді қосымша сызықтар арқылы табу;
- 4.Жеңіл штрихтар арқылы көлеңкенің жарыққа ауысу шекарасын анықтау;

5. Рендік қатынасы арқылы қарама-қайшылықты күшейту;
6. Жартылай жарықпен жұмыс жасау;
7. Әрбір бөлшектердің рендік қатынасын салыстыра отырып, анықтау;
8. Суреттің рендік қатынасын жалпылама аяқтау;

Жалпы талапкерлердің емтихандағы салған суретінің дұрыс орындап шығу үшін келесі ережені сақтағаны дұрыс. Жұмыс орнын таңдау жалпы гипс масканың барлық формасы толық оқылуы керек. Негізгі талаптар: парақ бетіне мәнерлеп құрылымдық орналастыру мұнда (маска суреті формат бетінде бір жағына немесе жоғары төмен ығысып қалмауы); Суретті орналастыру бірнеше рет тексеру жүргізу арқылы, сызылған әрбір штрихтың орналасуын қадағалай отырып, сызықтық құрылымдық орналастырылады. Жұмыс процесі кезінде қарындашты қатты баспай нәзік сызықтар арқылы жарық пен көлеңкені ажырату арқылы, олардың бір-біріне ауысуы мен үйлесуін рең арқылы сақтай отырып, салыстырмалы түрде орындау керек. Форманы шығару үшін жарық мөлшеріне көңіл бөлу оның формадағы түсу сәтіндегі орындарын анықтау керек. өзіндік көлеңке, түспелі көлеңке және жартылай жарық ауыса келіп жарыққа үйлесіп, қарама қайшылық заңдылығын туғызады. Мұнда жарықтың шағылсуынан рефлекс пайда болады. Рефлекс жарықтың тура түскен жердегіден күңгірт болады. Аяқталған жұмыс қарама-қарсы реңде болады, бірақ мөлдір немесе қап-қара және сұп-сұр болмауға тиіс. Артқы фон қағаздың барлық жазықтығын жауып қалмағаны дұрыс. Тек форманың айналасы мен форманың фонға түскен көлеңкесі берілуі керек. Суреттің сызықтары сызудағыдай нақты қатаң сызықпен сызылмауы керек. Сызықтар пластикалық нәзік немесе әлсіз сызықтармен берілуі керек.

## **2 шығармашылық емтихан КОМПОЗИЦИЯ**

**Тақырып:** «Әртүрлі заттардан композиция».

**Тапсырма:** 3-4 затты қатыстыра отырып композиция құрастыру

### **Қарама-қайшы жарықтанудағы қойылым**

1. Қағаз бетіне бейнені дұрыс орналастыру.
2. Натюрморт денелерінің пропорциялық қатынастарын табу.
3. Бояу реңдері арқылы денелердің пластикалық мінездемелерін анықтау.
4. Жарық арқылы үлкен формалы денелердің реңдік қатынастарын олардың формаларын түстер арқылы көрсету.
5. Натюрмортты тұтас моделдеу арқылы барлық бөлшектерін бағындыра отырып бейнелеу.

**Суретті орындауға қажетті қойылатын талаптар:**

- жазықтыққа орналастыру;
- ара-қатынасы мен көлемін құрылымдық орналастыру;
- табиғи жарықтану арқылы түстік және реңдік шешімін табу;

- заттың материалдылығын бере білу.

**Құрал-жабдықтар:** қарындаш, сулы бояу, су құятын ыдыс, қылқалам, А3 формат қағаз, өшіргіш.

**Орындалу уақыты:** 6-академиялық сағат.

Натюрморт орындау сулы бояу (акварель) әдісі бойынша тұрмыстық заттардың суретін жазу арқылы орындалады. Сәтті жұмыс орындау үшін келесі қағидалар сақталады:

- формалардың көлемді-пластикалық, түстік және реңдік қатынасының шешімін табу;
- заттардың өзіне тән сипатын айналасындағы қоршаған нәрселердің түсі мен шағылысқан жарықтан өзгеруін;
- натюрморттың тұтастығы мен қатпарлы маталардың ауа қатынасымен байланысын анықтау;
- заттың өз түсін беру арқылы жалпы түстік (колориттік) шешімін табу принципін қадағалау.

Орындалған жұмыс қабылдау комиссиясының қарауына ұсынылады. Тексеру кезінде талапкерлер жұмысы 4 орындаушылық деңгейге бөлінеді. Бірінші деңгейде барлық талаптарға сай және талапкердің шығармашылық қабілетін сипаттайтын ерекшелігі ескеріледі. Бірінші топтағы жұмыстарға «өте жақсы» балл қойылады. Қалған топтарда қойылған талаптардың орындалуына қарай, кемшіліктері мен ерекшеліктеріне байланысты бағаланады. Талапкерлер жұмысының қорытынды бағасы келесі күні талапкерлердің қатысуымен хабарланады.

### **Қабылдау шығармашылық емтихандарын бағалау критерийлері**

Шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының топтары бойынша оқуға қабылдау шығармашылық емтихандардың нәтижелерін ескере отырып жүзеге асырылады.

Қабылдау шығармашылық емтиханының мақсаты-оқуға түсушінің шығармашылық қабілеттері мен жеке алғышарттарының болуын тексеру.

Шығармашылық емтиханның ұзақтығы мен бағалау критерийлерін білім беру бағдарламаларының ерекшеліктерін ескере отырып кафедра дербес анықтайды.

Әрбір шығармашылық емтихан толық 4 (төрт) жылдық оқыту нысаны үшін 50 (елу) балдық, қысқартылған 3 (жылдық) оқыту нысаны үшін 20 (жиырма) баллдық жүйемен бағаланады.

Әрбір шығармашылық емтиханның нәтижесі бойынша сәтті өткендігін растайтын ең аз балл саны-кемінде 5 (бес) балл.

Бірінші шығармашылық емтиханның нәтижелері бойынша белгіленген ең төменгі балл санынан аз балл алған талапкерлер екінші шығармашылық емтиханға қатысуға жіберілмейді.

## **Шығармашылық емтихандарды өткізу тәртібі.**

Қабылдау шығармашылық емтихандарын университеттің қабылдау комиссиясы бекіткен кестеге сәйкес университетте офлайн форматта пәндік қабылдау комиссиясы өткізеді.

Шығармашылық емтиханды өткізу басталардан бір күн бұрын, бекітілген кестеге сәйкес, оқуға түсушілер үшін дайындық сабақ өткізіледі, онда пәндік қабылдау комиссия шығармашылық емтиханды өткізу рәсімін, талаптары мен регламентін түсіндіреді.

Оқуға түсуші шығармашылық емтихан басталғанға дейін алдын ала дайындауы керек құралдар:

- **«Сурет» шығармашылық емтиханы бойынша емтихан тапсырмасын орындау үшін қажетті материалдар:** әр түрлі типтегі графитті қарындаштар (Т,ТМ,М, 2М-4М), суретті түзету үшін өшіргіш, (жұмсақ резеңке), қағаз парағын бекітуге арналған кеңсе түймелері, графитті қарындаштарды ұштауға арналған ұштағыш немесе өткір канцелярлық пышақ;

- **«Композиция» шығармашылық емтихан бойынша емтихан тапсырмасын орындау үшін қажетті материалдар:** әр түрлі типтегі графит қарындаштар (Т, ТМ, М, 2М-4М), акварель бояуы (24 түс), қылқаламдар (Белка-6,8,10), акварель бояуына қажетті су ыдысы, өшіргіш, (жұмсақ резеңке) түзету үшін графит қарындаштарын ұштауға арналған ұштағыш немесе өткір канцелярлық пышақ, қағаз парағын бекітуге арналған түймелер (кнопка);

- **«Сызу» шығармашылық емтихан бойынша материалдар:** графит қарындаштарының әр түрлі түрлері (Т, ТМ, М, 2М) сызғыш, транспортир, циркуль, өшіргіш (жұмсақ резеңке) түзету үшін графит қарындаштарын ұштауға арналған ұштағыш немесе өткір канцелярлық пышақ, қағаз парағын бекітуге арналған түймелер (кнопка);

- жеке басын куәландыратын құжатты дайындау.

Әрбір шығармашылық емтиханды өткізу уақыты 5 (бес) астрономиялық сағатты құрайды - I ауысым 8:00-13:00, II ауысым 14:00-19:00 (Алматы уақыты бойынша).

Шығармашылық емтихан өткізілген күні оқуға түсушілер жеке басын куәландыратын құжаттың түпнұсқасы және жеке қатысуы негізінде жеке сәйкестендіру шифрын алады және оқуға түсушілерге емтихан тапсырмалары беріледі.

Емтихан тапсырмасы бойынша жұмыстың басында түсуші емтихан жұмысының форматындағы АЗ парағында, жоғарғы оң жақ бұрышта емтихан өткізілетін күнді және пәндік қабылдау комиссияның техникалық хатшысы берген (аты-жөнін көрсетпей) жеке шифрды жазып көрсетеді.

Шығармашылық емтихандарды өткізу ережелерін бұзғаны үшін талапкердің жұмысы қабылданбайды. Бұл жұмыс жойылады, ал хаттамада

емтихан алушылардың қолдарымен расталған жою себебі туралы жазба жасалады.

Оқуға түсуші кешіккен немесе оның емтиханға дәлелді себеппен келмеген жағдайда, ол 15-шілдеге дейін бекітілген кесте шеңберінде басқа уақытта шығармашылық емтиханға жіберіледі, қабылдау комиссиясы төрағасының рұқсаты бойынша жазбаша өтініш пен шығармашылық емтиханды өткізіп алудың дәлелді себебін растайтын құжатты ұсыну негізінде шығармашылық емтиханды өткізіп алудың дәлелді себебі болып табылады:

- талапкердің емдеу мекемесінен ауру туралы анықтаманы ұсынумен расталады (мөрмен расталған).

- төтенше жағдай, сондай-ақ жол-көлік оқиғасы (фактіні тіркеген мемлекеттік ұйымның анықтамасын ұсынумен расталады).

Шығармашылық емтихандарға дәлелсіз себепсіз келмеген оқуға түсуші талапкерлер емтихан тапсыруға жіберілмейді.

Емтихан жұмыстарын тек шығармашылық емтихандар өткізу жөніндегі комиссия мүшелері тексереді.

«Сурет», «Композиция, сызу» емтихандарын өткізу қорытындылары ведомостпен және хаттамамен ресімделеді.

### **«Сурет» Шығармашылық емтиханын бағалау критерийлері**

«Сурет» шығармашылық емтиханы бойынша орындалған жұмыстарды бағалау кезінде, пәндік комиссияның назары оқуға түсушіде келесі мәліметтер мен дағдыларды анықтауға бағытталған: көркемдік-композициялық бейімділік, парақта орналастыру қабілеті, көлемдік-кеңістіктік ойлау, пішіннің пропорциясы мен құрылымын көрсете білу, жарық-көлеңке қатынастарының заңдылықтарын, бейнелеу қабілеттерін анықтау сауаттылығы, соңғы ұйымдастыру және суретті жалпы аяқтау.

#### **1- кесте. «Сурет» шығармашылық емтиханын бағалау критерийлері**

<b>Бағалау критерийі</b>	<b>Толық (4 жылдық) оқыту нысанына арналған балл</b>	<b>Қысқартылған (3 жылдық) оқыту нысанына арналған балл</b>
Парақтағы кескіннің дұрыс орналасуы	8	2
Гипс маскаларының немесе розетканың бөліктері мен пропорцияларын дұрыс анықтау	10	4
Сипаттамалық ерекшелігін беру: гипс маскаларының бетінің немесе	8	3

розеткалардың перспективалық жалғасуы		
Өзіндік көлеңкелерін салу	6	3
Меншікті және түсетін көлеңкелер арасындағы қарама-қайшылық әсер (контраст, жарық пен көлеңке қатынастарынан)	4	2
Гипс маскаларының немесе розетканың шеттеріндегі көлеңкелер, фон (қарайтпай, қағаз бен кеңістіктің реңіне сәйкес дұрыс қатынасты табу)	5	2
Көлеңкелер мен жарықта жайттар мен ауысулар	4	2
Жұмысты жалпылау, аяқтау	5	2
<b>Барлығы</b>	<b>50</b>	<b>20</b>

### «Композиция» шығармашылық емтиханын бағалау критерийлері

«Кескіндеме» шығармашылық емтиханы бойынша орындалған жұмыстарды бағалау кезінде пәндік комиссияның назары оқуға түсуші талапкерде мынадай деректер мен дағдыларды анықтауға бағытталады: көркемдік-композициялық бейімділік, парақта орналастыру қабілеті, көлемдік-кеңістіктік ойлау қабілеті, пішіннің пропорциясы мен құрылымын көрсете білу, жарық-көлеңке және түс қатынастарының заңдылықтарын, бейнелеу сауаттылығын, қорытынды ұйымдастыру және акварель кескіндемесін жалпылау, жұмысты аяқтау (2-3 заттан және маталардан тұратын натюрморт).

2- кесте. «Композиция» шығармашылық емтиханын бағалау критерийлері

Бағалау критерийі	Толық (4 жылдық) оқыту нысанына арналған балл
Парақтағы кескіннің дұрыс орналасуы	8
Композициялық шешім	10
Заттардың пропорцияларын сақтау	4
Заттардың реңін беру	4
Нысандардың пішінін түспен беру	6
Түс үйлесімі, жұмыстың түсі	5
Көркем-кеңістіктік шешім	4
Ұсақ бөлшектердің суреті	4
Бүкіл кескінді жалпылау, жұмысты аяқтау	5
<b>Барлығы</b>	<b>50</b>

### «Сызу» шығармашылық емтиханын бағалау критерийлері

Модельдің осы аксонометриялық кескініне сәйкес үш түрді құрастыру (суретте тапсырманың шартты нұсқасы көрсетілген)

- алдыңғы көрініс, (А көрсеткіш сызығы бойынша);
- жоғарыдан көрініс;
- сол жақтағы көрініс, оларды проекциялық байланыста орналастыру.

Симметрия осьтері мен көрінбейтін сызықтарды орындау. Өлшемдерді ГОСТ 2.307-68 «Сызбалардағы өлшемдерді қолдану ережелеріне» сәйкес қолдану.

Жұмысты А3 форматында орындау, масштаб: 2:1.

Жұмысты орындау реттілігі:

- А3 форматын дайындау, формат шеңберін қолдану;
- X, Y, Z және симметрия осьтерінің координаталық осьтерін сызу;
- түрлердің құрылысын алдыңғы көріністен бастау, проекциялық байланыста жоғарыдан және сол жақтан көрінісін салу;
- өлшемдерді қолдану

Өлшемдерді ГОСТ 2.307-68 «Сызбалардағы өлшемдерді қолдану ережелеріне» сәйкес қолдану.

«Сызу» шығармашылық емтиханы бойынша орындалған жұмыстарды бағалау кезінде пәндік комиссияның назары оқуға түсуші талапкерде мынадай деректер мен дағдыларды анықтауға бағытталады:

- олардың кеңістіктік қиялының деңгейін, А3 форматында үш проекцияда құрастырылған форманың сызбасын орындау қабілетін бағалауға мүмкіндік береді.
- бейнелі (кеңістіктік), логикалық деңгейді анықтау,
- объектілердің көлемді құрамын құру арқылы дерексіз ойлау;
- ойлаудың аналитикалық және жасампаз компоненттерінің деңгейін анықтау (комбинаторлық компоненттерді қоса алғанда).

### 3- кесте. «Сызу» шығармашылық емтиханын бағалау критерийлері

Бағалау критерийі	Толық (4 жылдық) оқыту нысанына арналған балл
Берілген модельдің симметрия осьтерін қолдану	11
Модельдің алдыңғы көрінісін құру	7
Модельдің жоғарғы және сол жақ көріністерін құру	10
Көрінбейтін модель сызықтарын қолдану	6
ГОСТ 2.307-68 сәйкес өлшемдерді қолдану, қолдану ережелері сызбалардағы өлшемдер	10
Сызбаны толық сызу	6
<b>Барлығы</b>	<b>50</b>

Факультеттің академиялық  
комитеттің жетекшісі



**З.Ж. Рабилова**